

"Инвесторды инвестициялық жобаны жүзеге асыру үшін құқықтар мен өкілеттіктер беретін келісуші және рұқсат етуші құжаттармен, лицензиялармен, визалармен және басқа да құжаттармен қамтамасыз етудің тәртібі туралы ережені" бекіту туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті 1997 жылғы 30 мамыр N 18. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 15 қазанда тіркелді. Тіркеу N 398. Күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті Төрағасының 2004 жылғы 20 ақпандағы N 7-п бұйрығымен.

ҚР Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті Төрағасының 2004 жылғы 20 ақпандағы N 7-п бұйрығынан үзінді

"Инвестициялар туралы" 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының , "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 436 қаулысының қабылдануымен байланысты, " Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес бұйырамын:

1. Инвестициялар мәселелері жөніндегі мынадай нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын:

9) "Инвесторға инвестициялық жобаны жүзеге асыру үшін құқықтар мен өкілеттіктер беретін келісуші және басқа да құжаттармен қамтамасыз етудің тәртібі туралы" ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1997 жылғы 30 мамырдағы N 18 қаулысы (1997 жылғы 15 қазан N 398)....

Т ө р а ғ а

"Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15 және 16-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған Инвесторды инвестициялық жобаны жүзеге асыру үшін құқықтар мен өкілеттіктер беретін келісуші және рұқсат етуші құжаттармен, лицензиялармен, визалармен және басқа да құжаттармен қамтамасыз етудің тәртібі туралы ереже бекітілсін.

Төраға
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар жөніндегі
мемлекеттік комитетінің
1997 жылғы 30 мамырдағы
18 қаулысымен

Бекітілген

**"Инвесторды инвестициялық жобаны жүзеге асыру үшін
құқықтар мен өкілеттіктер беретін келісуші және
рұқсат етуші құжаттармен, лицензиялармен, визалармен
және басқа да құжаттармен қамтамасыз
етудің тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ**

I. Жалпы ережелер

Қызметтің немесе іс-әрекеттің заңмен белгіленген түрлері берілетін әрбір лицензияның түрі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен ережелерге сәйкес міндетті лицензиялауға жатады. Кейбір жағдайларда лицензияларды алу үшін санитарлық және/немесе экологиялық және/немесе тау-кен техникалық қадағалау органдарының қорытындылары талап етілуі мүмкін. Қандай да болмасын қызметті немесе белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыру кезінде лицензиядан басқа өзге рұқсат алу (жер учаскелерін бөлу, радиожиілік бөлу және басқа) талап етілетін жағдайда, мұндай рұқсаттар лицензияны алған соң беріледі.

II. Негізгі міндеттер

Осы ереженің негізгі міндеті мемлекеттік органдардың жобаны келісуі және инвестордың инвесторға инвестициялық жобаны жүзеге асыруы үшін құқықтар мен өкілеттіктер беретін қажетті келісуші және рұқсат етуші құжаттарды, лицензияларды, визалар мен басқа да құжаттарды алу процесіндегі іс-әрекетін тәртіпке келтіру және үйлестіру болып табылады.

**III. Комитеттің Инвесторды инвестициялық жобаны жүзеге
асыру үшін құқықтар мен өкілеттіктер беретін
келісуші және рұқсат етуші құжаттармен,
лицензиялармен, визалармен және басқа да
құжаттармен қамтамасыз етуінің тәртібі туралы**

3.1. Инвестордың лицензия және/немесе рұқсат алуы үшін Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті тиісті мемлекеттік органға құрамында инвестордың лицензия алуға арналған өтінімі, инвестордың тіркеу құжаттары, түсіндірме жазба, лицензияны алушының немесе рұқсаттың осы қызмет түрі үшін біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын

құжаттар, лицензиялық алымның растамасы кіретін құжаттар пакетін, егер лицензиялық және/немесе экологиялық және/немесе тау-кен техникалық қадағалау органдарының қорытындылары талап етілсе, - қызметтің жекелеген түрлері бойынша арнайлы талаптарына сәйкес тиісті қорытындылар мен басқа да қ ұ ж а т т а р д ы ж о л д а й д ы .

3.2. Санитарлық және/немесе экологиялық, және/немесе тау-кен техникалық қадағалау органдарының қорытындыларын алу үшін Комитет тиісті мемлекеттік органға түсіндірме жазбаны, инвестордың тіркеу құжаттарын, қорытынды бергені үшін ақы төленгенін растайтын құжаттарды қоса өтінім жолдайды.

3.3. Мемлекеттік органдар бір ай мерзімнен кешіктірмей сұралған лицензияны немесе рұқсатты береді, егер талап етілсе, мемлекеттік орган Комитетпен мерзімді ұзартуды міндетті тәртіппен келіседі.

3.4. Комитет және/немесе лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату мәселесі бойынша барлық материалдармен танысуға, сондай-ақ мемлекеттік органдар осы материалдарды қараған кезде қатысуға құқылы.

3.5. Мемлекеттік орган лицензия беруден "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 19-бабына сәйкес қана б а с т а р т у ғ а қ ұ қ ы л ы .

3.6. Комитет лицензияны немесе рұқсатты берудің тәртібінің және атқарылу мерзімінің сақталуына бақылау жасауды жүзеге асырады.

3.7. Лицензияларға және басқа да рұқсат етуші құжаттарға оларды берудің мерзімдерінің сақталуына жауапкершілікте болатын тиісті мемлекеттік органдардың бірінші басшылары қол қояды.